

Патент тарихы



Өнеркәсіптік өнертабыс үшін алғашқы патентті Филиппо Брунеллесчи 1421 жылы Флоренцияда алған деп саналады. Ол кеменің айналмалы шүмегін ойлап тапқан. Патенттік құқық тарихындағы маңызды оқиғалардың ішінде 1474 жылғы Венеция патенттік заңын, 1623 жылғы ағылшын монополиялары туралы заңын, 1790 жылғы АҚШ патенттік заңын және 1791 жылғы Француз патенттік заңын атап өтуге болады. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елінде патенттік заңнама пайда болды. Әрбір елде ұлттық заңнама техникалық жетістіктер мен әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігіне қарай өзгертілуде.

Патенттер саласындағы алғашқы халықаралық келісім 1883 жылы қабылданған өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы болды. Одан кейін бірқатар халықаралық келісім пайда болды. Оларға 1970 жылғы патенттік кооперация туралы шарт (РСТ), 1977 жылғы патенттік рәсім мақсаттары үшін микроорганизмдерді депозиттеуді халықаралық тану туралы Будапешт шарты, 1994 жылғы зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісім (ТРИПС бойынша келісім) және 2000 жылғы патенттік құқық туралы шарт (PLT) жатады.

Ең алдымен, патент дегеніміз не екенін түсініп алайық. Алдымен өнертапқыш Ұлттық зияткерлік меншік институтына патенттік өтінім беруі тиіс. Егер өтінім қолданыстағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес келсе, институт патент береді. Бұл - патенттелген өнертабысқа айрықша құқық беретін заңды құжат, белгілі бір әрекетті орындаудың жаңа тәсілі болып табылатын немесе белгілі бір мәселенің жаңа техникалық шешімін қамтитын өнім немесе процесс. Патент берілгеннен кейін ол өнертабысты егер патент иесі басқа тұлғалардың пайдалануына келіспесе, басқа тұлғалар үдеріс берілген елде шектеулі уақыт кезеңі ішінде пайдалана алмайды. Басқаша айтқанда, патент өнертабысты

қорғайды және оның иесіне патенттелген өнертабысты шектеулі мерзімде кімнің пайдаланатынын шешуге айрықша құқық береді. Көпшілікке жария болған патенттік құжатта өнертабыстың толық сипаттамасы болады.

Өнертабыстың мысалдары ретінде электр үтігі, түйреуіш, шарикті қалам, телефон және т. б. құрал-жабдықты атауға болады. Патенттің мақсаты - қандай да бір нысанда технологиялық жетістіктерді қорғауды қамтамасыз ету. Әдетте патенттік қорғау жаңа өнертабысты жасау үшін ғана емес, сонымен бірге бар өнертабысты аяқтау үшін де сыйақы алуға мүмкіндік береді. Патент алу үшін өтінім беруші өзінің өнертабысы туралы ақпаратты жариялауға міндетті. Бұл қоғамды технологиялық білім алуға, инновацияны жандандыруға ынталандырады. Осылайша, патенттік қорғау шығармашылық белсенділікті тездетеді және өнертапқыштар мен олардың жұмыс берушілерін жаңа технологияларды дамытуға жалғастыруға шақырады. Патенттер жаңашылдық, өнертапқыштық деңгей және практикалық құндылық критерийлеріне сәйкес келетін өнертабыстарға беріледі. Алайда патенттелген өнертабыстар нарықта сұранысқа ие бола ма, жоқ па, соны анықтау қажет. Коммерциялық сұраныс негізінен көптеген басқа фактормен, атап айтқанда өнімнің дизайнымен және нарықты жылжыту стратегиясымен қалыптасады. Патенттік қорғау шектеулі мерзімге беріледі. Ол әдетте өтінім берілген күннен бастап 20 жылды құрайды. Патенттің қолданылу мерзімі өткеннен кейін өнертабыс қоғамдық игілікке айналады. Яғни кез келген тұлға оны тиісті елдегі патентті бұзбай, коммерциялық мақсатта пайдалана алады.

Алтай МАШТАКОВ,
облыстық әділет
департаментінің
бөлім басшысы

Жас аналарға арналған күйзеліс орталығы
Кризисный центр для молодых мам

АНА ҮЙІ
АНН-МАМА

**МЕН АНАММЕН БАҚЫТТЫМЫН
Я СЧАСТЛИВА С МАМОЙ**

8 800 080 77 71 www.dom-mamy.kz

Қорғау шалу тегін / Звонок бесплатный

Біз Қазақстанның әр аймағында бармыз
Мы присутствуем во всех регионах Казахстана

«Жайықмұнай» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 57-2 бабына сәйкес 2022 жылғы 26 тамызда сағат 12:00-де Батыс Қазақстан облысы, Бөйтерек ауданы, Январцев ауылы, Январцев орта мектебі, Школьная көшесі, 5 мекенжайы бойынша «2023-2028 жылдарға арналған «Жайықмұнай» ЖШС вахталық кентінің көріздік тазарту құрылыстарынан ластаушы заттардың төгінділерінің рұқсат етілген нормативтерінің жобасы» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен www.esportal.kz бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бі-

рыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты Орал қаласы, А.Карев көшесі, 43/1 мекенжайы және 8 (712) 93 39 00 (қосымша 6195) телефондары арқылы алуға болады.

БҚО ауыл шаруашылығы басқармасы мұнай өнімдерін жеткізушілерге, басқа да қаржылық тұрақты құрылымдарға облыс шаруашылықтарына 2022 жылғы күзгі-далалық жұмыстарды өткізу үшін Атырау мұнай өңдеу зауытынан жіберілу бағасы тоннасына 222 мың теңгеден дизель отынын облысқа жеткізу жұмыстарын орындауды ұсынады.

Дизель отынын жеткізуге қатысуға ниет білдірушілер қатысуын жазбаша растауын және құжаттарды Батыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының кеңсесіне 2022 жылғы 14 шілде сағат 12:00-ге дейін тапсыруын сұрайды.

Әлеуетті операторларға қойылатын талаптар:

- облыстарды бекіту кестесіне сәйкес айлар бойынша облысқа бөлінген дизель отынының көлемін сатып алу үшін қаржы қаражатының/кредит желісінің болуы;
- Орал қаласының аумағында бір мезгілде сақтау көлемі кемінде 6 мың тонна мұнай базасының болуы;
- облыс аудандарында жанар-жағармай құю станцияларының және/немесе меншік құқығында дизель отынын аудан орталықтарына уақтылы жеткізу үшін дизель отынын тасымалдауға арналған арнайы автокөліктердің болуы.

Арзандатылған дизель отынын жеткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге қатысуға әлеуетті операторлардан талап етілетін құжаттардың тізбесі:

- арзандатылған дизель отынын жеткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге қатысуға өтінім (ілесне хат);

- жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы анықтама (мұнай базасы) (Ф-2);

- мұнай базасын жалға алған жағдайда, мұнай базасының меншік иесі мен жалға алушы арасындағы жалға алу шартының көшірмесі;

- дала жұмыстары кезінде демалыс және мереке күндері дизель отынын 8 сағаттық жұмыс күнімен босату туралы келісім-хат;

- мерзімі өткен кредиторлық берешектің жоқ екені туралы банктің анықтамасы, оператордың шотында қажетті ақша қаражатының бар екені не кредиттік ресурстарға қолжетімділігі туралы банктің растауы;

- **жабық (мөрленген) конвертте** Орал қаласына дейін жеткізуді ескере отырып, дизель отынының 1 литріне баға ұсынысы және негізделген есептемелер (калькуляция);

- **жабық (мөрленген) конвертте** автожанармай құю станцияларынан сату немесе дизель отынын облыстың аудан орталықтарына дейін жеткізудің өзіндік құны бойынша баға ұсынысы;

- дизель отынын тасымалдауға арналған арнайы автокөліктің техникалық паспортының көшірмесі.

Барлық сұрақтар бойынша: Орал қаласы, Қ. Аманжолов көшесі, 75-үй, 208-кабинет, тел.: 51-18-20 хабарласуға болады.

Газет ҚР Ақпарат және
Қоғамдық қатынастар министрлігінің
Ақпарат қызметіне 2022 жылғы
15 наурызда тіркеліп,
ИНХ286УП00046884 нұсқасы берілген



zhaikpress.kz

«ORAL ONIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Табылғали САПАРОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН
Сырымбек ТҰЯҚОВ,
Алтынбек ЕРМЕКҚАЛИЕВ
(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың
қабылдау бөлмесі 50-30-14.

Бас редактор 51-25-80.
Бас редактордың
орынбасарлары 54-18-08.
Жауапты хатшы 54-38-22.
Жарнама қабылдау
тел./факс: 51-51-09.
Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция қазқарасын білдірмейді.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.
Белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral oniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46
Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 10955,
4 баспа табақ. Газет аптасына үш рет шығады.

Корректорлар:
Н. СҰЛТАНОВА, А. АМАНЖОЛ
Кезекші редактор: **Б. БИСЕНОВ**